

егемен

Қазвәтәтәһ

Баршамызды біріктіреп биіктік

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуелсіздіктің таңсәрі тұсындағы, кеңестен кейінгі кеңістік елдерінің кейбірін ұлтаралық жанжалдар өрті шарпып тұрған шақтағы әрі тосын, әрі батыл қадамы болатын. Тосын қадамы дейтініміз, мұндай құрылым әлемде бірде-бір елде жоқ еді. Мемлекеттілігінің тарихы сан ғасырларға кететін көпэтносты, федерациялық сипаттағы елдердің өзі мұндай шешімге ешқашан тәуекел етпеген. Батыл қадамы дейтініміз, әуелгі бетте осы арқылы елдің көпұлтты екендігі, халықтарға, тілге, дінге бөлінетіні одан сайын бадырайтылып кететіндей әсер қалғаны рас. Сол тұста Президент Аппаратында жұмыс істеген адам ретінде өз басымыз Елбасының бұл шешіміне күдік-күмәнмен қарағандар, ұйымның ел дамуына септігі тиеріне сенбегендер табылғанына куәлік ете аламыз. Осы жолдарды жазып отырған өзіміз де әуелде «Бұл қалай болады? Мемлекет құрайтын халық, қазақ халқы елдегі көп халықтың біреуіне айналып кете бере ме сонда?» деп те қиналғанымызды несіне жасырайық. Олай қауіптенуімізге о баста Ассамблеяның «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы» деп ойластырылуы да себепкер болған сияқты. Бірақ, Назарбаев идеяларының көбіне уақыттың алдын орай жүретіндігі, о баста сақсынып қабылдаған жайдың өзінің бара-бара бойынды билеп, санаңа сіңіп кетер кездері көп екені сол жолы да тамаша танылды. Бұл шешімнің өте дұрыстығын, дер кезінде қабылданғанын, дәл мұндай Ассамблея дәл Қазақстанда көпэтносты мемлекет үшін ауадай қажет екенін уақыттың өзі көп ұзамай-ақ көрсетіп берді. Ал Ассамблеяның атауы кейіннен, Елбасымыздың Конституцияға сүйене отырып жасаған ұсынысымен, «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деп өзгертілді.

«Мен еліміздің Президенті ретінде қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын» – Нұрсұлтан Назарбаев Ассамблеяның бірінші сессиясындағы баяндамасында осылай мәлімдеді. Жұрт жарты жылдап жалақы ала алмай, зейнетақыны, шәкіртақыны уақтылы төлеудің өзі күшке түсіп тұрған, әйелдер ала қапшық арқалап, үйде жұмыссыз қалып қойған отағасын, шиеттей бала-шағасын асырауға көшкен кез еді ол. Сонда да Президент басты міндетім деп экономикадағы дағдарысты тоқтатуды, инфляцияны ауыздықтауды, жұмыссыздықты азайтуды емес, ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді сақтауды айтты. Татулық пен келісім сақталмаса ештеңеге қол жетпейтінін білгеннен кейін де солай айтты. Түйісу нүктелерін, келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолын іздеді. Іздеді де тапты.

Ассамблея тұрақты да демократиялық дамудың кепіліне, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды алғышартына, ұлт саясатын жүзеге асырудың үйренерлік үздік үлгісіне айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылмағанда Қазақстанның қазіргі табыстары мұндайлық қомақты болмас еді. Бұл басы ашық жай. Ұлтаралық қатынастарды үйлесімді етуде, қоғамдық

тұрақтылықты сақтауда, сөйтіп халқымыздың жасампаздық жұмыспен алаңсыз айналысуына жағдай жасауда Қазақстан халқы Ассамблеясы өлшеусіз рөл атқарды. Ең бастысы, біздің Ассамблеямыз елімізде этностық тегі әрқилы адамдардың азаматтық бірлігі ретінде біртұтас Қазақстан халқын қалыптастыруға шешуші үлес қосты. Мұның өзі мемлекетіміздегі ұлт саясатының ұлы жеңісі.

Негізінде, теоретиктерге айтқызсаңыз, көпэтностылық мемлекеттің кемшілігі саналады. Біз сол кемшілікті артықшылыққа айналдыра алған елміз. Полиэтникалық мемлекеттің қазақстандық үлгісі осыған қол жеткізді. Халықтың бір ұлттан ғана құралуының өзі барлық қырсықтан құтқара алмайтынын көріп келеміз.

Бүкіл қоғамның алдына уақыт тосқан міндеттер Ассамблеяға да ортақ екенін баршамыз айқын ұғынуға тиіспіз.

Бүгінде бүкіл адамзат жаңа жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғаны белгілі. Олардың арасындағы ең үлкені әлемде күшейе түскен әлеуметтік тұрақсыздық екені де жақсы мәлім. Тарихтың осындай талмау тұсында өз Отанымыздың мына жұмыр Жердегі орны, өз мемлекетіміздің қазіргі дүниедегі салмағы жөнінде ойланар болсақ, «Қазақстан жолы» деп аталған бөлекше құбылыстың сыр-сипатына үңілер болсақ, еліміздің басты байлығы жердің астында да емес, үстінде де емес, адамдардың жүрегінде екенін байыптаймыз. Біз осы жылдардағы табыстың баршасына ауызбіршіліктің арқасында жеттік. Мұның бәріне ұйытқы болған ұйым – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Осы орайда кейінгі кезде ұйым жұмысы анағұрлым жемісті бола түскенін айтуды парыз санаймыз. Бұрынғы ұлттық мәдени орталықтардың этномәдени бірлестіктерге айналдырылғаны Ассамблеяны жөнсіз саясиладанудан сақтап, нақты нәтижеге бейімдегенін атап көрсету жөн.

Тұрақтылық, татулық, топтасқандық, тыныштық қоғамға қай кезде де керек, қай кезде де қымбат, ал қазіргідей күрделі кезеңде тіпті де керек, тіпті де қымбат. Дағдарыстың бізге қандайлық қысым көрсететінін қазірдің өзінде сезіне бастадық, енді бізді төзіміміздің сынаққа алынуы күтіп тұруы әбден мүмкін.

Осындай жауапты кезде әрбір қазақстандықтың ортақ шаңырағымыздағы тыныштықтың, ортақ үйіміздегі татулықтың қадірін білуі, қазақстандық қастерлі құндылықтарды қорғауы өте-мөте маңызды. Өкінішке орай, еліміз табыстарының құнын отандастарымыздың бәрі бірдей тиісінше бағалайды дей алмаймыз. Бүгінгі биікке біз оп-оңай жеткендей, игіліктер өздігінен келіп, жақсылықтар өздігінен жасалып кеткендей көретін, тек болған үстіне бола берсе екен, тек толған үстіне тола берсе екен дейтіндей көңіл-күй де кездеспейді емес, мына әлемде қандайлық қиындықтар орын алып жатқанын,

мұндайда аршынды адымдау тұрмақ, тұрақты дамудың өзі оңайлыққа түспейтінін түсінбейтіндер де табылмайды емес. Осынау табыстарымыздың барлығы Елбасының сарабал саясатының, халықтың Елбасы ұстанған бағытты қолдауының арқасы, ортақ үйімізде тыныштық, татулық сақталуының арқасы.

Біздің мақтаныш тұтар жетістіктеріміз баршылық. Қай салада да. Далада да, қалада да. Ассамблея мүшелері бүгінгі биігіміздің бағасын білдіретін, жұртшылықты, әсіресе жастарды отаншылдыққа тәрбиелейтін тағылымды әңгімені жүйелі түрде айтуға, жас ұрпақты аталар мен апалардың достық дәстүрлерін дамытуға үйретуге тиіс. Қазіргідей кезеңде қоғамда әлеуметтік оптимизм ахуалын орнықтыра түсудің маңызы бөлекше. Бұл орайда Елбасы еңбегін тиісінше айтудың, танытудың артықтығы болмайды, тіпті қажет деп ойлаймыз. Елбасы – елдігіміздің символы. Елбасын мақтаныш етудің мәні – еліміз, елдігіміз үшін мақтаныш сезімін орнықтыру. Түптеп келгенде, отаншылдықты орнықтыру. Президент туралы айтылған жылы сөздің бәрін бірдей мадақтау деп қараудың жөні жоқ. Абай атамыздың «Сүйер ұлың болса сен сүй, сүйінерге жарар ол» дегенін ұмытпайық.

Бүгінгі таңда елде орындаушылық тәртіпті күшейтудің мәні үлкен. Осыдан төрт жыл бұрын, Ассамблеяның он бесінші сессиясында Президент: «Кейінгі кезде діннің терең мәнін ұғынбай, оның парасаттылық, адалдық сияқты жұрт қабылдаған қағидаттарына бойламай тұрып діншілдіктің өзінше бір модаға айналып бара жатқанын көріп отырмыз», деген еді. Сол дабылға тиісінше көңіл аударылды дей алмаймыз. Осы мәселені қозғаған газет мақалаларына да назарын салған адам аз болды. Селқостықтың салдарынан еліміздің кейбір өңірлерінде діни ахуалдың асқынуына жол беріп алдық. Алаңдарлық жайлар әлі де аз емес.

Адамның өз еліне қалай қарайтыны оның өз тіліне қалай қарайтынынан танылады. Осы орайда, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан жүйелі жұмысқа қарамастан, тіл мәселесінде жанымызды жабырқататын жайлар табылып тұрғанын жасырмайық. Біз тіпті Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген тілегін де жете ескермей келеміз. Енжарлықтан, намыссыздықтан әлі күнге арылмай келеміз. Сондықтан да Президент Жолдауда «Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс», деп қадап көрсетті.

Ұлттық бірлік – ұлы мұрат. Бірақ осы ұғымды да біршама тар мағынада түсініп жүргендейміз. Ұлттық бірлік дегенде, әрине, алдымен қазақтың ішкі бірлігін ойлаймыз. Президент айтқандай, «Қазақстанның елдігі асқан, ерлігі тасқан, кемел де келісті елге айналуына бізден – қазақтардан артық мүдделі кім бар?». Ал оның басты шарты – өзіміздің тұтастығымыз. Жаһандану заманында, этностар, халықтар, ұлттар тұрмақ, тұтас мемлекеттер бірігіп жатқан жиырма бірінші ғасырда руға, тайпаға бөліну деген бері қойғанда

адам аярлықтай анахронизм екені айдан анық. Осы орайда елдің қиыр-қиырындағы қазақ баласының бір-бірімен барыс-келіс, алыс-беріс жасап, араласып-құраласып, бір қазанда қайнап жатуы ұлт тұтастығының бір тетігі екенін айтқымыз бар. Бұл тұрғыда өткен күндердің тәлімді тәжірибесіне көз салғанның да артығы болмас. Бұрын, мысалы, Қызылордада мектеп бітірген қыз баланың университет немесе институт жолдамасы бойынша сонау Шығыс Қазақстаннан бір-ақ шығуы, сол жақта үйлі-баранды болып, сіңісіп кетуі немесе Ақтөбеден келген жігіттің Шымкентке барып, үйленіп, тұрақтап қалуы немесе орталықта жақсы жұмысымен көзге түскен кадрдың облыстағы басшылыққа жоғарылатылып, сол жақтағы жақсы мамандардың орталыққа алдырылуы, одан кейін елдің басқа бір өңіріне жылжып жатуы қалыпты жай болатын. Ал қазір қай облысқа, қай ауданға барсаңыз да әр деңгейдегі мамандардың бәрі дерлік тек жергілікті кадрлар болып келеді. Мұның өзі бірте-бірте санадағы өңіршілдікке соқтыруы да әбден мүмкін. Ал санадағы өңіршілдіктің бара-бара жершілдікке жалғасып кетуі қиын болмайды. Қазір қолға алынып жатқан мемлекеттік қызмет жүйесіндегі реформа кадрлар ротациясының жайын жан-жақты ойластырады, ұлт перзенттерінің елдің әр өңірінде өмір сүріп, еңбек етуіне, әр қиырдан келген адамдардың өзара туыстасып кетуіне жағдай жасалады, соның демократиялық, нарықтық тетіктері табылады деп сенгіміз келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының алдында ұлт саясатының ғылыми негіздемелерін тереңдете түсу міндеті де тұр. Бірқатар ұғымдардың басы толық ашылмаған. Мысалы, «ұлт» сөзі бізде әдетте «этнос», «халық» сөздерінің синонимі ретінде қолданыла береді. Бұл онша дәл емес. «Ұлттың» этнос негізінде пайда болатын әлеуметтік қауымдастық екені рас. «Халықтың» этностық ортақтықты білдіретін ұғым екені рас. Сонымен бірге, «халықтың» мемлекеттің жұрты, елдің тұрғындары түріндегі қолданысы да белгілі. Ассамблеяның «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деп аталатыны сондықтан. Ал ұлт ұғымы этностың, халықтың жоғары сатысы екені тіпті де талас тудырмайды. Әлемдегі ең беделді ұйым Біріккен Ұлттар Ұйымы деп тектен-текке аталмайды. Бұл арада «ұлт» ұғымы мемлекет түрінде алынып тұр. Ұлттар ғана мемлекет құра алады. Ұлттар ғана ел болып тұра алады. Ұлтқа ұйыса алмағандар, өзі құрған мемлекетінің ұйыстырушы ұлтына айнала алмағандар, ондағы бар этностың басын бір ұлтқа біріктіре алмағандар жаһандану желімен ұйпаланып кете барады.

Ұлттың этностан айырмашылығы онда этностық белгілерге қоса саяси, экономикалық және әлеуметтік белгілер де болады. Өзінің алдындағы ақын-жырауларды былай қойғанда, Абайдың бай сөздік қорында да «ұлт» сөзінің жоқтығы, ол сөздің кейінірек, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде алғаш қолданыла бастағаны жайдан-жай емес. Демек, ұлт – уақыт пісіп-жетілдіретін ұғым, тарихи категория. Ұлт – баршамызды біріктіретін биіктік. Жұрт болмай, ұлт болмайсың. Ал бізде қазір «ұлт» сөзі «нация» ұғымына да,

«национальность» ұғымына да қатар балама санала береді. Бұл екеуінің түбірі бір болғанмен, толықтай дәл бір сөз еместігі анық.

Бүкіл елдің жұртын қазақ ұлтының төңірегіне топтастыра түсуге, мемлекет халқының бүкіл ұлтын осы елдің атымен атауға қызмет ететін өміршең идеяның іске асырылуын қолдан тездетудің қажеті жоқ. Бүгінгі дүниеде ұлттық бірлікке толық қол жеткізудің ортақ мемлекетті бірлесіп құру, тағатты, азаматтық қоғам қалыптастыру және ел халқының елдің мемлекеттік тілін білуі сияқты міндетті шарттары бар. Оған толық қол жеткізуге біраз уақыт керек екенін біз жақсы түсінеміз. Қазақстан халқы Ассамблеясы сол күнді жақындата түсу жөніндегі ардақты миссиясын абыроймен атқаратынына сенеміз. Уақыт желі біздің желкенімізді керіп келеді.

Сауытбек Абдрахманов.